

Әл – ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ  
КАФЕДРАСЫ

**БЕКІТІЛДІ**  
факультеттің Ғылыми кеңес мәжілісі  
Факультет деканы  
\_\_\_\_\_ Мейірбаев Б.Б

№ хаттама " \_ " 2024ж.

**PS04310-«Білім берудегі жобалау »**  
**ПӘНІНЕН ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**  
6B01801- «Әлеуметтік педагогика және өзін- өзі тану» мамандығы

2024-2025 оқу  
жылы 4 курс, қазақ  
бөлімі

**АЛМАТЫ -2024**

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған:  
п.ғ.к., доцент Молдасан Қ.Ш

Кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

«28\_» \_\_\_\_\_ 06 \_\_\_\_\_ 2024ж., хаттама №20

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Н.С. Әлқожаева

## АЛҒЫ сөз сөз

**Емтихан өткізу ерекшеліктері:** емтиханды студент қорытынды емтихан жазбаша Univer жүйесі -

Офлайн тапсырады.

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі. Емтихан түрі – **жазбаша**.

**Жазбаша** емтиханның сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және СӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. **Жазбаша** емтиханның міндеті - оқу жетістіктерін меңгеруге жоспарланған білімдері мен дағдыларын бағалау болып табылады. Офлайн кезінде сұрақтарды әзірлеу критериалды-бағдарлы тұрғысынан қарастырылады.

Сұрақтарды құруда мазмұнды іріктеу кезінде басшылыққа алынатын принциптер: материалдың маңыздылығы; ғылыми нақтылық; сұрақтың мазмұнының пән бойынша білімдерге, деңгейіне сәйкестігі; репрезентативтілік (бақылау үшін мазмұн элементтерінің толықтығы мен жеткіліктілігі); **жазбаша** емтиханның тапсырмалары мазмұнының білім жүйелілігі талаптарына сәйкестігі; кешенділік және теңгерімділік (негізгі тақырыптардың кешенді көрінісі және негізгі теориялық материалдар мен практикалық іс-әрекет әдістерінің теңдестірілген көрінісі);

**Жазбаша** емтихан **Univer** жүйесінде ұйымдастырылады, сұрақтарының саны 30 –ды құрайды, бір **жазбаша** емтиханның тапсырмасында - 3 сұрақ нұсқасы беріледі. Күрделілік деңгейі және ұзақтығы оқыту нәтижелеріне байланысты (когнитивті-білімді түсіну, функционалдық-білімді қолдану, жүйелік-бағалау, өнімді құру).

### **ЕМТИХАНҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

**Емтихан** – жазбаша емтихан

**Емтихан форматы**- офлайн

**Жазбаша емтихан Univer** жүйесінде өткізіледі.

**Студенттер - « Білім берудегі жобалау » пәнін Univer жүйесінде жазбаша емтихан формасында тапсырады.**

**Жоғарыда көрсетілгендей силлабус бойынша барлық тақырыптар қамтылған 30 сұрақтан тұратын тапсырмалары дайындалып Univer жүйесіне жүктеледі.**

**Өткізу форматы:** универ жүйесінде офлайн

**Тапсыру күні мен уақыты:** емтихан сессиясының кестесіне сәйкес болады.

**Емтихан ұзақтығы :** 2 сағат

Жазылған емтихан нәтижелері 100-баллды жүйеде **Univer жүйесінде** бағаланады.

### Дайындалуға арналған тақырыптар:

- 1- тақырып. « Білім берудегі жобалау» пәнінің мақсаты мен міндеттері .
- 2- тақырып. Білім беру парадигмасы.
- 3- тақырып. Жобалаудың мәдени-инновациялық сипаты.
- 4- тақырып. Білім беру ұйымындағы жобалау әрекеттері.
- 5- тақырып. Педагогикалық жобалаудың негізгі ұғымдары.
- 6- тақырып. Әлеуметтік жұмысты жобалаудың технологиясы.
- 7- тақырып. Жобалап оқыту технологиясының білім берудегі рөлі.
- 8- тақырып. Жобалау әрекеттеріндегі көшбасшылық қабілет.
- 9- тақырып. Білім беру мазмұнын жетілдіру туралы жобаның мәні.
- 10- тақырып. Жобалау әрекетіндегі топтық қарым-қатынас.
- 11- тақырып. Жоба барысындағы мұғалімнің педагогикалық шеберлігі.
- 12- тақырып. Педагогиканы оқытудағы жаңа технологиялар.
- 13- тақырып. Педагогикалық жобалау деңгейлері.
- 14- тақырып. Оқушыны жобалау әрекетіне үйретудегі мұғалімнің шығармашылық ізденісі.
- 15- тақырып. Білім беру мазмұнының өзгеруіне сай жобалау әрекеті.

### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы және технологиясы. Алматы ,ЖШС РПБК Дәуір, 2011. - 336 бет.
2. Загвязинский В.И. Исследовательская деятельность педагога. М.: Издательский центр «Академия», 2010.–176 с.
3. Колесникова И.А., Горчакова-Сибирская М.П. Педагогическое проектирование.– М.: Издательский центр «Академия», 2005.–288 с.
4. Таубаева Ш.Т. Методология и методы педагогических исследований: учеб. пособие - Алматы : Қазақ ун-ті, 2015. – 213 с.
5. Мынбаева А.К. Современное образование в фокусе новых педагогических концепций, тенденций и идей: Монография. – Алматы: Раритет, 2005.-90 с.

## БАҒАЛАУ САЯСАТЫ: ДОК\СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
<b>1 сұрақ 30 балл</b>	<b>Курс теориясы мен Білім берудегі жобалау тұжырымдамаларын білу және түсіну</b>	Емтихан жауаптары талаптарға сай жазылған. Жауаптың мазмұны сұраққа толық мәлімет береді, практикалық ерекшеліктері сипатталған және толық шешілген. Емтихан жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді. Шығармашылық жұмыста қабілеттілігі жоғары екенін байқатады.	«Жақсы» деген баға сұрақтың толық емес қамтылуы, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігі сақталмауы, жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбауы.	«Қанағаттанарлық» бағасы ұсынылған емтихан сұрақтары толық қамтылмаған, негізгі ойларды үстірт дәлелденген, баяндаудағы жүйелі талдаулардың болмауы, берілген жауап мысалдарында теориялық ойлары нақтыланбаған жауаптардың болуы.	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымауы, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.	Теориялық негізгі ұғымдарды, нақты теорияларды білмеуі; Емтихан ережесін бұзуы.

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (27-35 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
<b>2 сұрақ 35 балл</b>	<b>Білім берудегі жобалау пәнінен сызбалар, кестелер құрастыру, ұғымдарды талдай алу.</b>	Тапсырманы толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешуде тиімді әдісті талдай алуы.	Берілген сұрақты ішінара орындау, толық емес, курстың практикалық мәселелерін айқындауда қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормалары	Емтихан жауабында логикалық дәйектілікті сақтамай, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт берілуі.	Сұраққа жауап жазуда ұтымсыз әдісті талдау немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктердің орын алуы.	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және нәтиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

			н сауатсыз пайдалануы .			
--	--	--	-------------------------------	--	--	--

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (27-35 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
<b>3 сұрақ 35 балл</b>	Білім берудегі жобалауды практикалық тұрғыда талдай алу.	Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы нақты тұжырымдарды ұсыну (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау).	Тұжырымда малық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдар дағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырым-дамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу. Жұмыс мүлде орындалмаған, емтихан сұрағына берілген жауаптар нақтылықты қажет етеді.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-35 балл, үшінші сұраққа - 35 балл.